

9 Мамыр - қазақстандықтар үшін жәй ғана мереке емес. Бұл мереке ІІ Дүниежүзілік соғыста қаза болған азаматтарды еске алып, олардың ерлігі мен ержүректілігіне тағзым етіп, рухтарының асқақтайтын күні және де халқымыздың мақтанышы мен даңқы.

Біздің ата-бабаларымыздың батырлығы мен жанқиярлығы, өз Отанына деген адалдығы, қазақстанның жас ұлдарына, ұрпақтан-ұрпаққа үлгі мен өнеге. Сонымен қатар қоғамның рухани даму жолында, ұлтымыздың жаңаруындағы жалғасып келе жатқан алтын арқау.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі ұшқыштар, теңішілер, жаяу әскерлер, мергендер және атқыштар иықпа-иық тіресе жүріп,

## 9 мамыр - Жеңіс күні

Қазақстан да Ұлы Жеңіс күнін жыл сайын атап өтеді. Әрбір қазақстандық үшін бұл қасиетті мереке.

Біз Отанымызды жанқиярлығымен қорғаған жауынгерлеріміздің әскери ерлігін ешқашан ұмытпаймыз. Бүгінгі бейбіт өміріміз үшін Ұлы Отан соғысында 27 миллион Совет жауынгері қаза болып, соның ішінде 1,5 миллион қазақстандық өз өмірлерін қиды.

Ұлы Жеңіс - халық рухының ұлылығы, ерлігінің айбындылығы, әлемді фашизмнен азат еткен батырларымызға естелік



жауға қарсы жанқиярлықпен күресті. Олар Москва, Сталинград қалалары үшін өлімге бас тікті, Ленинград блокадасын ашық тырнағынан құтқарып қалды, Бельгия мен Украинаны азат етті, Берлинді басып алуда ерлік көрсетті. Осындай ержүрек батырларымыздың өшпес ерлігінің, қаһармандығының арқасында Ұлы Жеңіске қол жеткіздік. Олар бізге бейбіт өмір, еркін дамуымызға жол ашып, болашақ ұрпаққа ашық аспан, алаңсыз бақытты өмір сыйлады.

Бүкіл адамзат үшін фашизмге қарсы күрес - үлкен сынақ болды. Бұрынғы Кеңес Одағындағы бүкіл республикалар сияқты

пен ризашылық күні. Олардың әскери ерен еңбегі гасырлар бойы жасамас. Майдангерлеріміздің арқасында біздер бостандық пен өмір сүру бақытына ие болдық. Болашақта өліміздің бейбітшілігін нығайтып, қауіпсіздігін сақтау жолында бар күш-жігерімізді жұмсауымыз қажет.

Қазақстандық Ұлы Отан соғысы ардагерлері басқа республикалардың ардагерлерімен қатар, өздерінің жауды тоқтату жолындағы Ұлы Жеңісін мақтанышпен айта алады. Жеңіс күні біз қанды майданда өлін қорғап қаза тапқан жауынгерлерімізді еске алып, тағзым етеміз. Елімізде соғыс ардагерлері



тұрмайтын қапа, не ауып жоқ шығар. Сол ардагерлеріміздің саны жыл өткен сайын азайып барады. Желден жүйрік уақытқа не дерсің!?

Халқымыздың ержүрек батырларының, аяулы ұлдары мен қыздарының есімдері Ұлы Отан соғысының тарихында алтын әріптермен жазылып қалды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегелдинов, Сергей Луганский, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова және т.б. Қазақстан жауынгерлері жанқиярлықпен соғысып, әрбір 2-ші жауынгер қаза тапты.

Біздің әкелеріміз бен аталарымыздың қаһармандықтары мен өшпес ерліктері, отансүйгіштіктері Қазақстанның бүгінгі әскерілері үшін лайықты үлгі-өнеге. Сонымен бірге ұрпақтар арасын жалғайтын алтын арқау және ұлт еркендеуі мен қоғамның рухани дамуының жоғары деңгейдегі негізі. Соғыста қаза тапқандарды ғана емес, бүгінде ортамызда жүрген ардагерлерді де еш уақытта ұмытпау - әрбіріміздің борышымыз. Олар туралы естеліктер патриотизмге жігерлендіретін күш ретінде әрбір ұрпақтың жүрегіне сақталады.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша, Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында КПО Б.В. компаниясы көптеген мейірімділік акцияларын өткізіп және Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгерлерге арналған ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсіміне КПО Б.В. компаниясы бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Лука Виньяти мен серверлік қамтамасыз ету жөніндегі директоры Паоло Релетти қа-

тасты. Сонымен қатар Қарашығанақ кең орнына жақын орналасқан 9 ауылдық округтер ардагерлерді де назардан тыс қалмады.

Ақсай қаласы мен ауылдық округтерде тұратын ардагерлер сұрапыл соғыстың ұмытылмас ауыр жылдарын әңгімелеуге қиналады, бірақ та осындай ерекше мейрам күні өздерінің майдандас дос-жолдастарын қайғырып еске алады. Әр соғыс ардагерінің өзіндік тағдыры және тарихы бар. Лар өткен жылдарын мақтан ете алады.

Құрметті біздің ардагерлерімізге ризашылығымызды білдіріп, тағзым етеміз!

Уақыт жылжып, 1945 жылдың 9 мамыры да бізден алыстап барады. Бірақ та біздің аталарымыз бен әкелерімізге бұл жеңіс қандай қымбатқа түскенін біз ешқашан ұмытпаймыз және жыл сайын соғыс және тыл еңбеккерлерімен бірге осынау тамаша, әрі қасиетті мейрамды тойлап келеміз. Осындай мереке күні КПО Б.В. компаниясының басшылығы мен барлық қызметкерлері шын жүректен соғыс ардагерлерін құттықтап, оларға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, молшылық және бақыт тілейді.

Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері! Сіздерге алғысымызды білдіріп, тағзым етеміз! Сіздердің ерлік істеріңіз біздің тарихымыздың ең қымбат мұрасы ретінде гасырдан гасырға жалғаса беретін болады. Ұлы Жеңіс күніміз!

## Кәсіподақ көшбасшылары КПО басшыларымен кездесті

Осы жылдың 16 сәуірінде КПО-ның бас ғимаратының конференц залында КПО-ның кәсіподақ ұйымдарының көшбасшылары Төлеуғали Кеңесов пен Анатолий Неверов КПО-ның жаңа бас директоры Дамиано Раттимен кездесті. КПО-ның бас директорымен кездесу кәсіподақ көшбасшыларының ұсынысымен ұйымдастырылған және танысу ретінде өтті. Кәсіподақ көшбасшыларымен кездесуде КПО компаниясы жағынан бас директорының орынбасары және өндіріс жөніндегі директор Лука Виньяти, КПО-ның еңбек ресурстарын басқарушы Марко Кастелли, сол сияқты кәсіподақ бөлсенділері мен компанияның еңбек ресурстары департаментінің өкілдері қатысты.

Кездесу барысында Марко Кастелли КПО компаниясының жаңа басшысымен таныстырды. Өз кезегінде Төлеуғали Кеңесов КПО басшылығына ұйымдастырылған кездесу үшін рахмет айтып, өзі туралы және өзі басқарып отырған кәсіподақ ұйымы туралы қысқаша айтып берді. Төлеуғали Кеңесовтің айтуынша кәсіподақ ұйымы құрылғаннан бергі уақыт ішінде кәсіподақ пен КПО компаниясының басшылығы арасында жаңа жұмыс стилі қалыптасқан. Яғни, ең бірінші орында өзара сыйластық пен түсіністік тұрады. Кәсіподақ 1997 жылы құрылып, қазіргі таңда 800 адам кәсіподақ мүшелері болып табылады. Зиянды жерлерде жұмыс жасасушылардың еңбек жағдайлары және демалуы, лаықтық айлық жалақы төлеу, санитарлық-курорттық емделу, спортпен айналысу, басқа да әлеуметтік жеңілдіктер КПО компаниясы мен оның тәуелсіз кәсіподақтары арасында жасалған ұжымдық келісім-шартқа сәйкес жүзеге асырылуда.

Т.К.Кеңесов әсіресе, Ақсай қаласының инфрақұрылымының өркендеуіне байланысты мәселелерге ерекше назар аударды. КПО қызметкерлері тұратын 11 шағын ауданда асфальт жол жоқ екендігін атап көрсетті, сол сияқты КПО қызметкерлерімен бірге барлық қала жұртшылығына аса қажет футбол алаңының құрылысы туралы да айтып. Сондай-ақ



Төлеуғали Кеңесов КПО мен тәуелсіз кәсіподақ ұйымы арасындағы ұжымдық келісім-шарт «Үздік ұжымдық келісім-шарт» аталымы бойынша «Парыз-2009» қола жүлдесін алғанын да айтып өтті. «Парыз» жүлдесін ел президенті Н.Назарбаев жариялап, жыл сайын әлеуметтік жауапкершілікке көрнекі түрде адалдық танытып отырған компанияларға беріп отырады. Ал «Үздік ұжымдық келісім-шарт» аталымында Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған еңбеккерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартып және нығайтып отырған ұжымдық келісім-шарттар қарастырылады.

Сол сияқты КПО компаниясының басшыларымен кездесуде Анатолий Федорович Неверов сөз сөйлеп, жобада жұмыс жасап жатқан КПО қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерінің айлық жалақысына қатысты бірқатар мәселелерді қозғады. Ол кәсіподақ ұйымы мен КПО-ның еңбек ресурстары департаментінің өкілдерінің арасындағы әріптестік қарым-қатынас туралы айтып, болашақта да КПО компаниясының жаңа басшылығымен бірлескен жемісті жұмыс жасай беретініне сенім білдірді.

Өз кезегінде КПО-ның жаңа бас директоры Дамиано

Ратти өзі туралы және өзінің еңбек жолы туралы қысқаша әңгімелеп берді. Ратти мырза әсіресе, қауіпсіздік техникасына ерекше көңіл аударды. «КПО мен кәсіподақ ұйымының бірлескен негізгі міндеті КПО-ның немесе мердігерлік ұйымның әрбір еңбеккері жұмыстан кейін үйіне, отбасына аман сау, қол-аяғы бүтін оралуы болып табылады. Біздің қызметкерлеріміздің қауіпсіздігі үшін бірінші кезектегі мәселе. Мұнайгаз өндіру саласы ең күрделі, әрі қиындығы мол салалардың бірі болып табылады. Сондықтан да көмірсутегін өндірумен байланысты барлық өндірістік жұмыстар ерекше сақтықпен және мұқият жүргізілуі тиіс», - деді ол.

Сонымен бірге Ратти мырза осы жерде көтерілген мәселелердің барлығын да, әсіресе, Ақсай қаласының кейбір аудандарының инфрақұрылымдарын дамыту турасындағы мәселелерді ескерттінін айтты. Біз қалайда Берга ауданының басшылығымен кездесуге тиіспіз, сөйтіп, қалаға әлеуметтік инвестицияны көбейту мәселесін талқылаймыз. Өйткені біз осы жерде жұмыс жасаймыз, осында тұрып жатырмыз. Сондықтан да Ақсайға көбірек инвестиция тарту қажет деп ойлаймын дегенді қосып айтты Ратти мырза.



## Қазақстан Қарашығанақ жобасынан қанша ақша алды?

Жобаның таза пайдасы игере бастаған уақыттан бері 20,7 миллиард долларды құрады. Ал олар республикамызға 13 миллиард доллар түсті: оның 9,1 миллиарды салық түрінде, 4,1 миллиарды көмірсутекті шикізат үлесі түрінде деді Үкіметтік сағат барысында С.Мыңбаев.

Министр мердігерлік ұйымның 75 миллиард доллар алғанын нақтылады. Осылайша, деп атап көрсетті С.Мыңбаев, нақты жұмсалған шығынды алып тастағанда Қазақстан Республикасының жобадан таза пайдасы 64% көлемінде.

Қазақстан Қарашығанақ жобасына кіргеннен кейін республика 2037 жылға дейін болжалды мұнай деңгейінің баррелі 85 доллардан болғанда 3,3 пен 5 миллиард доллар алатын болады - деп хабарлады мұнайгаз министрі Сауат Мыңбаев.

Осындай жағдайда (келісім шеңберінде) Қарашығанақ жобасындағы республиканың 10% үлесі 2012 - 2037 жылдар арасында болжалды мұнай деңгейінің баррелі 85 доллардан болғанда бізге қосымша 3,3 пен 5 миллиард доллар кіріс кіргізетін болады. Ал бүгінгідей баррелі 110 доллардан келетін баға сақталатын болса бұдан да көп болатыны белгілі - деді Парламент Мәжілісінің (төменгі палата) Үкіметтік сағат барысында С. Мыңбаев.

«Қазір екі жақ та келісімді толық аяқтау үшін, негізінен заңдарға өзгерістер енгізуге байланысты кейбір шарттарды қарастыру үстінде, бірақ бұл жұмыстар 30 маусымға дейін аяқталуы тиіс» - деп еске салды ол. «Екі жақ та келісілген шарттарды бекітілген мерзім ішінде орындаған жағдайда реттеу жөніндегі келісім күшіне енеді» деп қосымша айтты ол.

## «2012 Жылдың Үздік ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҰСЫНЫМЫ»



КПО компаниясының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері басқармасы КПО-ның барлық қызметкерлерін 5 маусым бүкіл дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай «2012 жылдың үздік экологиялық ұсынымы» атты байқауға қатысуға шақырды.

Аталған байқаудың мақсаты қоршаған ортаның жағдайы бойынша тиімді ұсыныстар енгізу мүмкіндігін беру арқылы компания қызметкерлерінің назарын қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне аудару. Осындай байқау бұдан бұрынғы жылдары да өткізілгені белгілі (2010-2011). Осы уақыт ішінде 73 ұсыныс түсті, оның кейбіреулері компанияның жұмысында қолданысқа да енгізілді. Ал кейбір ұсыныстар қазіргі таңда іске асырудың техникалық мүмкіндігі жағынан зерттелу үстінде және табиғат қорғау шараларының 2011-2013 жылдарға арналған жоспары барысында ескерілетін болады.

Байқауға қатысу үшін «2012 жылдың үздік экологиялық ұсынымы» байқауына қатысуға деген тапсырысты толтыру қажет. Тапсырыс 21 мамырға дейін HSEHelp@kpo.kz электронды поштасына жіберілуі тиіс.

Барлық жұмыстарды тәуелсіз төрешілер алқасы қарайтын болады. Байқау қорытындысында идеяның жаңашылдығы мен өзгешелігі, оның тұрмысымызға ыңғайлылығы мен болашағы, егжей-тегжейлі сипаттамасы (ұсыныс барынша мольнан сипатталғаны жөн), сол сияқты КПО компаниясына экологиялық ұсыныстар туралы мәліметтерді енгізу мүмкіндігі ескерілетін болады. Ең үздік үш еңбек бағалы сыйлықтармен марапатталатын болады. Байқаудың қорытындысы 5 маусым бүкіл дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні жарияланады.

## КПО - дені сау балалық үшін

11 сәуірде КПО компаниясының демеушілік-қайырымдылық бағдарламасы бойынша Ақсай қаласының №1 ЖББОМ-де мектеп оқушыларына спорттық құралдар сыйға тартылды. Спорттық құралдарды табыс ету рәсіміне мектеп директоры А.С. Абдрахманова, ұстаздар мен оқушылар және компаниясының тұрақты дамуын қамтамасыз ету бөлімінің қызметкерлері де қатысты.

Қаламыздың солтүстік бөлігінде орналасқан №1 ЖББОМ-те мыңдаған оқушы білім алады, олардың көбі әртүрлі спорттық секцияларға қатысады. Мектептің материалдық базасы өте төмен әрі ескірген. Дегенмен, қаланың

осы бөлігінде спорттық клуб, жаттығу залы, фитнес орталығының жоқтығына қарамастан, №1 ЖББОМ-і жастардың бос уақытын өткізетін жалғыз орын болып есептеледі. Мектеп оқушылары футбол, волейбол, баскетбол, теннис және ауыр атлетика секцияларының мүшелері. Олар аудандық, облыстық және облыс аралық жарыстарға белсенді қатысып жүр.

№1 ЖББОМ-ке КПО Б.В. компаниясы бөлген үлкен қаражатқа спорттық құралдар алынды: штангілер, гирлер, гантелдер, футбол және волейбол доптары, спорттық киімдер, секундомерлер т.б көптеген заттар. Жас спортшылар жаңа жабдықталған құралдармен жаттығып,



## Сібірден жеңіспен оралды

Берлі ауданы соңғы жылдары облыстық және республикалық іс шараларда ерекше көзге түсіп жүр. Біздің талантты жастарымыз биден, вокальдан, спорттық және басқа да байқаулардан жүлделі оралып жүр. Өткен жылы Ресей Федерациясының Иркутск қаласында В.П.Сукачевтің үйінде Иркутск облыстық көркемсурет мұражайында 2011 жылдың 31 мамырында «Тамаша теңіз» атты балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының VI халықаралық байқауы көрмесінің ашылуы болып өтті.

Аталған байқауға Балалардың өнер мектебінің оқушылары да қатысқан болатын. Оннан астам балғын суретшілер қатал төрешілер талқысына өз жұмыстарын жіберген болатын. Байқауға Ресейдің, Қазақстанның, Литва мен Финляндияның 15 аймағынан 71 елді мекенінен 88 білім ошағынан барлығы 998 шығармашылық композиция қатысқан. Құрамына белгілі Иркутскілік қылқалам шеберлері кірген іріктеу төралқасы барлық байқауға түскен жұмыстардың электрондық нұсқаларын қарап шығып, алғашқы қорытындыны шығарды. Нәтижесінде екінші турға өткен 474 шығармашылық композициядан іріктеліп, байқаудың үшінші ашық турына қатысуға шақырылды.

Ерин Илья, Натокин Дмитрий, Балтиева Жания, Фаттахова Ивилина, Молдағалиева Агния, Юсипенко Наталья, Хайруллина Азлита, Сауяева Айнура, Калелов Ельдар, Конюшенко Анастасия, Шабаев Никита, Жумағалиев Диас, Миханова Жанна, Рысбайқызы Еркеайым, Смейра Кристина, Демеуғалиева Анеля, Ибасова Дариға, Ермоленко Кариналар ұстаздары Э.Е. Кульписованың жетекшілігімен өздерін, өздерінің ерекше таланттарын халықаралық байқауда лайықты көрсете білді.

Көрмеге байқауға қатысушылардың 150 -дей жұмысы ұсынылды. Көрмеге келушілер көркемсурет туындыларын, саз балшықтан, ағаштан, картоннан, қағаздан, матадан, жүннен, басқа да түрлі материалдардан жасалған көз тартарлық өнер бұйымдарын тамашалады.

«Тамаша теңіз» алғашқы байқауы 2006 жылы Листвянка поселкесінде В.Ю. Пламеневтің картина галереясында оның он жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды. Оқу-әдіскерлік орталығының бастамасымен және жүйелі жұмысының арқасында шығармашылық жарыс пен көрме ұйымдастыру мерекесі жыл сайын өтіп келеді.

Соңғы төрт жыл бойына байқау лауреаттарының керемет еңбектерінен құралған каталогтар басылып шығып тұрды. Байқауға қатысу шарттары да жетілдірілді: Интернеттің мүмкіндігін пайдалана отырып электронды көзеге енгізілді. Соның арқасында байқауға тапсырылған балалардың қыруар еңбегі байқауға қатысушы оқушылардың көз алдында болады. Әрине, төрешілер алқасы сырттай екінші турдың кезінде таңдап алған жұмыстарды санамағанда.



Лауреаттар дипломына Смейра Кристина (7 жас) мен Сауяева Айнура (12 жас) ие болды. БӨМ ұстазы Э.Е.Кульписованың айтуы бойынша, Осындай шараларға қатысу балалардың шынықтырады, шыңдатады, ой-өрісін дамытып, өз мүмкіндіктерін, басқа балалардың жұмыстарындағы тәсілдер мен дағдыларды салыстыруға мүмкіндік береді. Біздің балаларымыздың жұмыстарына берілген халықаралық марапат пен жоғары баға үлкен жауапкершілік артады, балалар өз шеберліктерін лайықты деңгейде ұстап тұру мен дамыта беру үшін әрі қарай да алға ұмтыла түсулері керек. Және де бұндай жақсы нәтиже ұстаз еңбегіне, оның оқушыға осынау шеберлік техникасын жеткізе білген, меңгерте білген тәсілқойлығына берілген баға болып саналады. Сондықтан да біз алдағы уақытта да балаларды әртүрлі байқаулар мен көрмелерге белсенді түрде қатыстыруға тырысатын боламыз.

№1 мектеп көптеген спорттық шараларды ұйымдастыруда. КПО Б.В. компаниясының тұрғындармен жұмыс бөлімінің жетекшісі Жанар Кажидденова былай деді: «Батыс Қазақстан облысына, соның ішінде Берлі ауданы жастарының жақсы білім алып, спортпен шұғылданып, мәдени дамуына көмек көрсету КПО компаниясының демеушілік және қайырымдылық бағдарламасының басты міндеттерінің бірі. Осы міндеттер шеңберінде №1 мектеп оқушыларына спорттық құрал жабдықтарға арнайы қаржы бөлінді».

Батыс Қазақстан облысы және Берлі ауданы бойынша қоғамның әлеуметтік жағдайы төмен бөлігіне көмек көрсету мақсатында КПО Б.В. компаниясы бірқатар жобаларды жүзеге асырып келеді. Соның дәлелі ретінде, 2011 жылы КПО Б.В. компаниясы Үлкен Шаған орта мектебіне жиһаз, Переметное ауылдық округінің балабақшасына және Орал қаласының №22 балабақшасына ойыншықтар сыйлады. Орал қаласындағы «Шапағат» әлеуметтік-медициналық орталығына, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған - 20 мүгедек арбасы табыс етілді. Ақсай қаласының №6 және №7 балабақшаларының 2 тобын КПО Б.В. компаниясы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған тренажерлармен, құрғақ бассейндермен, дамыту ойындарымен және әр түрлі ойыншықтармен жабдықтады. Ауданымыздың «Әдемі» үлгілі би тобы КПО Б.В. компаниясының демеушілігімен Ресей Федерациясының Саратов қаласында өткен «Весенний перезвон» байқауына қатысып келді.

2011 жылдың қорытындысы бойынша КПО Б.В. компаниясы білім, спорт, мәдениет және денсаулық сақтау салаларына демеушілік көмек көрсету арқылы 45 жобаны жүзеге асырды.